

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде **«Оқуға құштар
мектеп – Оқуға құштар ұлт»** жобасы аясында өткізілген

іс – шаралар мәліметі



Мектептің фоесіне кітапханашы Ш.Жорабеков «Оқуға құштар мектеп – Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында оқушыларға кітап оқу тиімді болуы үшін QR коды бар электрондық кітап көрмесін жасап, оны қалай пайдалану жолын түсіндірді. Оқушы оқырмандар және мектеп мұғалімдері, мектеп қызметкерлері өздерінің қалаған кітаптарын QR код арқылы телефондарына жүктеп алып оқи алады.

Соңғы уақытта ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты балалардың қазіргі буыны кітап оқуға деген сүйіспеншілігі мен әдетін, бір-бірімен шығармашылық қарым – қатынас жасау қабілетін жоғалтты. Нәтижесінде балалардың танымдық белсенділігі, креативті ойлау қабілеті, тілдік және сөйлеу құзіреттілігі толеранттылығы төмендеп кетті.

Сондықтан балаларды ерте жастан бастап өмір бойы жақсы көркемдік талғамға, күн сайын кітаппен дос болуға, кітап оқу арқылы білім әлемін шарлауға үйрету мақсатында «Оқуға құштар мектеп – Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында электронды кітапхананы ұйымдастырылды.





«Оқуға құштар мектеп – Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында оқушыларға ақын-жазушылардың кітаптарын насихаттау мақсатында Шерхан Мұртазаның шығармашылық шеберлігі шындалып, үлкен суреткерлікке көтерілгенін танытатын айтулы еңбегі «Қызыл

жебе» роман-эпопеясы бойынша мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Бір кем дүние» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Тарихи-революциялық тақырып аясында жазылған «Қызыл жебе» роман-эпопеясы қилы заман тудырған, сол аласапыранда халқым деп қабырғасы қайысқан Тұрар Рысқұловтай ұлы тұлғаның өмір жолын негізге ала отырып, халық басынан кешкен ауыр сәттерді бар шындығымен көрсетуге ұмтылады. Сол себепті Тұрар Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихымыздағы шындықтарды елестетер еді. Әсіресе роман – эпопеяның соңғы кітаптары «Қыл көпір», «Тамұқ бүкілхалықтық трагедияны суреттеп көрсеткен, азалы кезең келбетін көз алдымызға алып келген келісті туындылар болып шыққан.

Жалпы оқырмандар, Шерхан Мұртазаның шығармаларында дәуір тынысын бейелеуі жазушылық шеберлігіне ғана емес, өмірді қаншалықты терең зерттеп білуіне де тікелей байланысты екенін түсініп сезінді.

Кітапханашы:

Ш.Жорабеков



Түркістан облысы Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің кітапханашысы Ш.Жорабековтың ұйымдастыруымен Қайым – Мұнар Табеевтің шығармаларына арналған «Қайсар рухты қазақ» атты танымдық сағат өтті. Мақсаты : Желтоқсан оқиғасының мән-мағынасын ұрпақ санасына жете сіңіру, жас ұрпақты Елін, Отанын сүйуге баулу, ақын-жазушылардың кітаптарын оқуды насихаттау.

Кітапханашы : Ш.Жорабеков

«Оқуға құштар мектеп – Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында өткізілген «Қазақстанның оқырман ұрпағы» атты челлендж




«Оқуға құштар мектеп – Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында өткізілген «Өнер білім бар жұрттар» атты мәнерлеп оқу сағаты









Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы



